

N.V.Stepanenko

Situation of Polish deportees in Kazakhstan in the post-war period

The article refers to the Polish deportees remaining in the territory of Kazakhstan after signing of the Soviet — Polish agreement on July 6, 1945. The main reasons on which the Polish deportees could not be deported to their homeland are specified. By the example of Kokchetav region as the most populated in post-war period presented the work on involvement of Polish deportees in public life of Kazakhstan. The author emphasizes that the Poles left after re-evacuation consisted the Polish population of Kazakhstan and until 1956 their position was determined by the decree of the Council of People's Commissars dated January 8, 1945 «On the legal status of deportees».

References

- 1 Kalishevsky M. «Polonia» in the East: About the history of the Polish diaspora in Central Asia / M.Kalishevsky, M.: Nauka, 2009, p. 180.
- 2 Kazakh SSR NKVD information as of 7 January 1946 on applications and volunteers to get out of Soviet citizenship /Central State Archive of RoK. fond p. 1137. finding aid 18. file 139 l. P. 32.
- 3 Resolution of the Ministry of Education of the Kazakh SSR on sending to homeland of Polish children left in orphanages and in the settlement of the citizens (October, 1947) /Central State Archive of RoK. fond p. 1692. finding aid 1. file 1258. P.154.
- 4 Information about the recent repatriation of Polish children home /Central State Archive of RoK. fond p. 1987. finding aid 1, 45. P. 83.
- 5 Background information of CC CPC about household labor structure of Polish deportees in the Kokchetav region as of 1949y. /Central State Archive of RoK. Fond. 708. finding aid 13. file 203 P. 24–27.
- 6 Reports on the implementation of decisions of the CC CP (b) of the Kazakh SSR as of Feb 20, 1951 «The Work of deportees in the Kokchetav region» /Central State Archive of RoK. fond 708. finding aid 16/2. file 54. P.88–163.
- 7 Statement Kokchetav Ministry of National security of Regional Committee of CP (b) on attracting deportees-activists of religious sects to criminal liability /Central State Archive of RoK. fond. 708. finding aid 16/2. file 54. P.15.
- 8 From the history of Poles in Kazakhstan (1936–1956 yy.) Collection of documents /Comp.: B.Abylhozhin, L.Degitayeva, Almaty: Kazakhstan, 2000, p. 344.
- 9 Decision of the Council of Ministers as of January 17, 1956 and information on the withdrawal from the special registration of Pole settlers /State archive of Karaganda region. fond 239. finding aid 1. file 20. P. 110.
- 10 All-Union Census of 1959. Kazakh SSR, Moscow: Nauka, 1962, p. 106.

ӘОЖ 94 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Қоңырат тайпасының ғылыми негіздегі шежіресіне қатысты мәселелер

Мақалада Орта жүздегі іргелі тайпа — Қоңыраттар болып табылатыны дәлелденген. Қоңыраттар тарихы өзінің барлық ерекшеліктерімен және ешкімге ұқсас өзіндік соқпақтарымен қазақ ұлтының тарихын толықтыратыны қарастырылған. Қоңыраттар бабаларының тармақталған тарихы тереңде жатқаны көрсетілген. Тарихымызда зерттеле қоймаған «актаңдақ» мәселелер — Орта жүздегі ірі тайпалардың бірі — Қоңыраттардың этникалық тамыры, оның шежіре деректері, қазақ жерінде орналасуының себеп-салдары көптеген тың мәліметтер негізінде баяндалған.

Кілт сөздер: шежіре, қоныстары, тайпа, ұраны, бірлестік, ұрпақтары, тұлғалар, мұра.

Шежіре деректерінде Қоңыраттың шыққан тегі туралы

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып қалдырған шежіресінде Жан Арыстың бәйбішесінен — Дарақожа, одан Қоңырат туған дейді [1].

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Түрік, Қырғыз, Қазақ һәм Хандар шежіресі» атты еңбегінде Қоңыраттар туралы өз пікірін былай білдіреді: «Қытай жазушы Юан-Шу-ми-ши сөзінше, бұрынғы

заманда Ункурлар, яғни Қоңыраттар, Халхе өзенінің Бабиор көліне құйған арада жүрді. Бұлардың да көбі өзбекке қосылып, өзбек атанған» [2].

Әбілғазы баһадүр хан өзінің «Түрік шежіресі» кітабында: «Қиян нәсілінен бір кісі бар еді, оның үш ұлы болды. Үлкені — Жорлық мерген... Жорлық мергеннің Қоңырат атты ұлы бар еді, барша Қоңырат елі соның нәсілінен шықты» [3], — дейді.

Бірқатар зерттеушілер Қоңыраттарды ертедегі Огус-Динлин ұрпағынан таратады. Шығыс мұсылман жазбаларында Қоңыраттар Оғыз ханның алтыншы ұрпағы Теңіз ханнан тарайды. Рашид-ад-Дин, орыс ғалымдары Н.Аристов, Т.Жданко Қоңыраттарды ежелгі Қият тайпасының ұрпағы немесе қияттармен тектес олхонут, хонхират руынан шыққан және ежелден монғол халқының құрамында болған деп есептейді. Қоңыраттардың ертедегі қоныстары Қытай мен Монғолия арасындағы Утаджие аймағында болған. Қоңыраттар туралы алғашқы деректер Лиану және Жин патшалықтары кезіндегі жылнамаларда кездеседі. Лиану және Жин патшалықтары кезінде (XII ғасырда) Қоңыраттар Моңғолия үстіртіндегі ірі тайпалардың бірі болған. Олардың өріс-қоныстары Кереулин өзенінің төменгі ағысы мен Ергуна өзенінің алқабында еді. Қоңыраттардың батысында монғол тайпалары, батыс оңтүстігінде татар тайпалары, шығыс оңтүстігінде Жин патшалығының шекара шегі тұрған [4; 341, 342].

Шежіреші-ғалым Ж.Бейсенбайұлының пайымдауынша, «Қоңырат — Шыңғыс хан заманына дейін-ақ маңайындағы қоңсылас қонған түркі нәсілдес найман, керей, меркіт, монғол (моғол, мыңқол) елдері секілді белгілі тайпалардың бірі болған. Сол дәуірге қатысты деректерде, ол көнеден жеткен аңыздарға сәйкес «алтын аяқтан туылыпты» делінетін ағайынды Жорлық мерген, Қабай шере, Тасбұдай сынды текті тұқымнан тараған ру ретінде сипатталады. Қоңырат — ағайынды үшеудің үлкені Жорлық мергеннің ұлы. Қабай шеренен — Еңкірес, Елқонұт; Тасбұдайдан Қаранұт, Қоңқұлұт деген ұлдар туған. Бұлардың бәрі де XII ғасырға дейін жеке-жеке ру дәрежесіндегі белгілі елдер. Бірақ та бәрі қосылған кезде жолы үлкен Қоңырат атауының төңірегіне ұйысып, түгел «қоңыратпыз» деседі» [5].

Қоңыраттардың ертедегі қоныстары Қытай мен Монғолия арасындағы Утаджие аймағы болған. Ежелден көрші тұрып, монғолдармен жан-жақты тығыз байланыста болған. Олар келе-келе Шыңғыс ханға бағынып, XIII ғасырда монғолдардың батысқа жасаған жойқын жорығына қатысқан.

Осы тарихи оқиғаға байланысты Қоңыраттардың едәуір тобы Қазақстан мен Орта Азияға тұрақтап, қоныс тепті. Олар бұдан былай Дешті Қыпшақтың сол қанаты есебінде Темір әулетіне қарсы күресте Әбілхайыр ханды қолдады. Осындай саяси тартыстар салдарынан Шайбани ханмен бірге ауған Қоңыраттар Хиуа хандығының негізін салып, кейінірек қарақалпақ халқының құрамына енді. Жәнібек пен Керей бастаған топ Дешті Қыпшақтан ауа көшкен кезде Қоңыраттардың бір бөлігі олармен бірге Батыс Моғолстанға келіп орнықты. Қоңыраттар XIX ғасырдың басында Қаратау, Талас, Ташкент, Бұхар, Қоқан маңына ауысты. Сөйтіп, Қоңыраттар Қазақстан мен Орта Азия жеріндегі түркі тілдес жергілікті тайпалармен араласып, қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз халықтарының құрамына еніп, сіңісіп кетті [6].

Қоңыраттың азан шақырып қойған есімі Нағанай дейді. Нағанай және оның балалары үнемі өңкей қоңыр аттарға мініп жүретін болғандықтан, ел оларды «қоңыр аттылар» деп айтады екен. Осыған орай Нағанай «Қоңырат» атанып кетіпті дейді. Қоңыраттардың ұраны — Алатау, Мұкамал.

Қоңырат тайпасының екі бірлестікке бөлінуі

Қазақ шежіресі Қоңыратты оның Сеңке биінен таратады. Шыңғыс хан ұлы хандыққа көтерген он екі бидің бірі Сеңке биге қарап: «Әй, Сеңке, сенің ұраның — «Қоңырат», құсың — сұңқар, ағашың — алма, таңбаң — босаға « Γ » болсын» [7; 37], — деген екен.

Сеңке биден — Нағанай батыр. Оның жеті әйелі болған. Олардан отыз ұл және Емен, Семен деген екі құлы болған. Нағанай ол екеуін де өз балалары санағандықтан, отыз екі баласы бар делінеді.

Шежірелерде ескі жыл санағы бойынша 616 жылы Отырардағы Ноғайлының елі жаугершілік заманға тап болып, Нағанай балаларымен алыс-алыс жерлерге көшіп жүріп, тарыдай шашылып кетеді. Нағанайдың бір баласы (есімі Орын би) жоғалған малдарын іздеп кеткен екен, қайтып келсе ел орнында жоқ. Орын би Әзіреті Түркістанға барып, үйлі-жайлы болып, одан Мелде би туады. Мелде би ер жетіп, Түркістанда елшілік, билік қызметін атқарған [8; 11].

Орын бидің екінші баласы Жығалы Жиделі-Байсында тұрғанда ерте қайтыс болады. Одан Құлшығаш, Қаракөсе деген екі ұл жас қалып, анасы Жезбикені әменгерлікпен Мелде би алып, соның қолында өседі.

Сондықтан шежіреде оны Мелде бидің баласы етіп көрсетеді де, Көктің ұлы (Тәңірберді) тармағына жатқызады. Мелде бидің бірінші әйелі Орынбибіден — Құдайберді, лақап аты — «Көтенші», екінші әйелі Жезбикеден — Тәңірберді, лақап аты — «Көктің ұлы». Барлық Қоңырат елі негізінен осы екі атадан өрбиді [7; 37].

Сонымен, шежіре деректері бойынша, Қоңыраттар екі үлкен бірлестікке бөлінеді. Бұл екі бірлестікті әйгілі ғалым В.Радлов «жеті ата Көктің ұлы, алты ата Көктің құсы» деп атаған. Қазақ шежірелері Қоңырат тайпасын «алты ата Көтенші» (аузы дуалы Мелде би бұл «Көтіне сенген бәйбішенің баласы, аты «Көтенші» болсын» депті); «жеті көше Көктің ұлы» (жұртта қалған Жезбике аман босанып, баласын орайтын жөргек мата таба алмай, көк шөпке орап алып, көштен бұрын ауылы қонатын жеріне келіп жетіпті; осыған орай Тәңірберді көк шөпке оранған «Көктің ұлы» деп атаныпты [9; 162]), — деп екіге жіктеп, олардан 13 руды таратады.

Мелде би қартайып, тоқсанның үшінде дүние салады. Ұрпақтары Түркістанға апарып қойған. Мелде бидің асында балалары, немерелері Хантағы деген жерде бәйге береді. Өлген кісінің асында бәйге беру үлгісі содан қалған деген сөздер бар.

Көтеншілер ұрпақтары

Қоңыраттың Көтеншісінен ру дәрежесіне жеткен мыналар:

1. Божбан. Шежіре деректері бойынша, Көтеншінің төрт баласы болған. Оның үшеуі — Ханым бәйбішеден, бір бала — тоқалы Сұқсұрханымнан [8; 14].

Ханым бәйбішенің үлкен ұлы Сүйініштен (Сүйеніштен) — Жолдыбай — одан Игілік (лақап аты Божбан). Игілік жуас, момын кісі екен. Сөйлемей бозарып отыра бергендіктен, «Божбан» аталыпты.

Божбаннан (Игіліктен) — Қозыбай, одан — Көшек. Көшектен Жанәділ туған. Жанәділден екі бала болған. Есімдері Жәдігер және Нұрым. Жәдігерден екі бала — Қожақұл, Жәукім. Нұрымнан екі бала — біреуінің есімі Құтым, екіншісінің есімі — Сырым. Құтымнан — Құлым, Сырымнан Итемген туған деседі.

Божбанның кіші әйелінен төрт бала болған: Бекарыстан (Бекарыс), Мұрат, Ұржық және Жұмық. Мұраттың тоғыз баласы болып, олар бір-бірімен тоқпақтаса берген соң, Тоқпақ аталып кеткен.

Тағы бір шежіреде, Көтеншінің екі әйелі де тұмаған соң өз аяғымен келген бір әйелді алып, ол әйелден жалғыз ұл туғаны тілге тиек болған. Аты — Тәңірберген. Тәңірбергеннің екі әйелі болып, сол екеуінен сегіз бала болған, яғни Божбанның сегіз атасы тарқайды делінген.

Сонымен, Божбандар сегіз ата болған екен: Қожақұл, Жәукім, Итемген, Құлым, Бекарыс, Тоқпақ, Ұржық және Жұмық.

Аңыз бойынша, Божбан — Жиделі-Байсындағы Алпамыс батырдың ұрпағы, бала кезінде Көтеншіге келіп сіңген. Көтеншіден тараған Сары, Сапар, Маңғытай, Саңғыл елдерімен бірігіп, «Бес Божбан» атанған. Ертеде Божбандар Шымкент уезінің оңтүстік-батысын, Сырдың екі жағын мекендеген. Таңбасы Қоңыратқа ортақ — босаға таңба [10].

2. Жаманбай — Көтеншіден тараған бес рудың (Божбан, Жаманбала, Саңғыл, Маңғытай, Жетімдер) бірі.

Көтеншінің екінші баласының есімі Мақы (Бақы), одан — Қарақұдайберді, одан — Жаманбай, Аманбай, Сүттібай, Сүйінбай, Аққошқар, Байқошқар [11; 102].

Жаманбайдан — Жауқашты, Ноғайлы, Шоқпарлы, Құрбан, Қира.

Ноғайлыдан — Сатыбалды, Тоқас, Шоқан.

Құрбаннан — Киікші, Жары, Сасық, Тіней, Жартыбас, Көтен.

Аманбайдан — Құйысқансыз.

Сүттібайдан — Алти, Қырғызәлі.

Аққошқардан — Ақмырза, одан — Ақболат, Қайрақ.

Байқошқардан — Борай, Жиімбет, Қоңыршұнақ.

Мақыдан тараған аталардың барлығы «Жаманбай» аталады [7; 39]. Ертеде Жаманбай әулеттері қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарын мекендеген. Ұраны — Алатау (Қоңыраттың ұранымен бірдей) [12].

3. Саңғыл. Көтеншінің үшінші баласы — Сопы. Одан — Мүлкіман, Мүлкіманнан — Саңғыл, Маңғытай.

Саңғылдан — Ағысай, Нұрсай, Самай, Қошқар, Қаратілес, Тиес. Ертеде Саңғылдар Сырдария губерниясының Түркістан уезінде, Қаратаудың теріскейі мен күңгейінде, Қозмалдақ, Сызған, Күмісті, Бақырлы, Үштөбе, Жартытөбе, Мыңшұқыр, Шылбыр, Көкіш деген жерлерді (қазіргі

Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ, Түркістан, Қызылқұм аудандары) мекендеген. Ноғайқора, Көкшекүм болыстарын құраған. Рулық ұраны — Мүлкіман, таңбасы жалпы Қоңыратқа ортақ — босаға [13].

4. Маңғытай. Одан — Елімбет, Тұма, Қошпанбет, Шүйіш. Бір деректе Маңғытай Саңғылдың інісі делінеді. Екінші деректе Саңғылды монғолдың «Қытай» деген тайпасының көсемі еді, маңғыт (татардан) елін өзіне қосып алып, «Маңғытай» деген жаңа ат берді дейді [11; 102–103].

Қалай болғанда да Маңғытай мен Саңғыл туысқан кісілер болса керек. Алғашқыда туысқан есептелініп, қыз алыспаған. Бертін келе аралары алыстап, өзара қыз алысып кеткен.

5. Жетімдер. Көтеншінің төртінші ұлы (тоқалы Сұқсұрханымнан туған баласы) — Досымқұл.

Досымқұлдан — Досқара (кейде Есқара деп атайды).

Досқарадан — Шүйіш батыр (кейде Сүйініш делінеді).

Шүйіш батырдың әйелі Жұпардан — Құдияр, кейінгі Бұхардан алған әйелінен — Маматеке (Мәметек) туады.

Шүйіш батырды Бұхар әмірі шақырып алып, қасынан қызмет берген деседі. Шүйіш батыр Бұхардан бір әйел алады да, өзі бір-екі жылдан соң қайтыс болып кетеді. Ол баланың есімін шешесі Маматеке деп қойған екен. Маматеке әкесі өлгенде іште қалған. Кейін жетім болып өскендіктен болуы керек, одан өрбігендер «Жетімдер» деп аталады.

Маматекеде екі бала болған, есімдері — Сары және Сапар.

Сарыдан төрт бала: Жанжігіт, Мырзахмет, Жетібай және Жантеке.

Сапардан төрт бала болған. Олар: Қатаған, Жайма, Соқыр және Қосым.

Маматеке Бұхарда шешесінің қолында жүріп, ер жеткен соң, «әкем қайда» деп сұрағанда, оған шешесі «әкең қайтыс болған, туыстары Сырдария бойындағы Қоңыраттар, малға салатын таңбасы — босаға таңба» дегенді естіген соң, Маматеке елге оралып, үйлі-жайлы болған деседі [8; 19].

Сан жағынан басым болғандықтан, өзге аталар Сары, Сапар аталарының есімімен аталып кетеді. Сондықтан да Жетімдер негізінен екі тармаққа — Сары, Сапар деп бөлінеді.

Сапар тармағындағы Қатаған, Жайма аталары Есімхан Тұрсынханды өлтіріп, оның елін қырғанда, қашып барып, Қоңырат ішіне паналаған. Олар негізінен Ұлы жүз ішіндегі Шанышқылы елімен туыстас [7; 39].

Орта жүз Қоңырат тайпасының Көтеншісінен тараған рулар бірлестігі — Жетімдер ұрпақтары ертеде Шымкент уезінің оңтүстігін мекендеген.

Көктің ұлы аталары

Орта жүз Қоңырат тайпасына кіретін бір топ рудың аты — Көктің ұлы (Көктіңұлы). Шежіре деректері бойынша, Көктің ұлына келесідей рулар (аталар) кіреді:

1. Оразкелді. Көктің ұлының (Тәңірбердінің) үш баласы болған. Олар: Абатқұл, Жабатқұл, Қара [9; 182].

Жабатқұлдың бәйбішесінен — Мұхамметәліби (Мәмбетәліби), тоқалынан — Қарашабейімбет (Қараменді), үшінші әйелінен — Бойыс, Боқыс, Көккөз, Тайыс.

Мұхамметәлібидің (Мәмбетәлібидің) бәйбішесінен — Құрманәлі, тоқалынан — Бұғышы, Қаржау.

Құрманәліден — Мұзды, тоқалынан — Сырлы, үшінші әйелінен — Жапалақ, Шегір, төртінші әйелінен — Айғұлы.

Бұғышының бәйбішесінен (қырғыз қызынан) — Жолдыбай, тоқалынан — Майлыбай, Барлыбай, Қондыбай, Қарабатыр, үшінші әйелінен (қырғыз қызынан) — Бәткей.

Қоңыраттың бәйбішесінен — Орын би мен Жығалы мырза. Жығалыдан — Қаракөсе (Қожахмет), Құлшығаш. Жығалы мырза жастай қайтыс болғандықтан, Қаракөсе (Қожахмет) мен Құлшығаш Мелде бидің (Орын бидің баласы) қолында өсіп, тәрбиеленіп, Көктің ұлына қосылып таратылады.

Жығалы мырзаның баласы Қожахметтен (Қаракөседен) — Әлібек деген ұл, Қарашаш деген қыз туған. Қожахмет бойжеткен соң Қарашашты Жәнібек ханға ұзатыпты. Жәнібек хан Қарашаштың некепұлы үшін Қожахметке «Байқарағай» деген жерді мөрлеп тегін беріпті және Әлібекке аттың алтын тиекті шідерін сыйлапты. Осыған орай Әлібек — «алтын тиекті Әлібек» атанып, кейін ел онан өрбіген ұрпақтарды «Тиекті» атап кетіпті.

Мұхамметәліби (Мәмбетәліби) балалары ержетіп, малы да, жаны да көбейіп, бай болған. Сонда ол: «Құдайға шүкір, оразды болдым!» — деп айтып отырады екен. Осыны есіткен ел оны «Оразкелді» атап кетіпті дейді. Сонымен, Оразкелдінің алты баласы — Құрманәлі, Бұғышы, Қаржау, Бәткей,

Айғұлы, Тиекті — «Алты ата Оразкелді» атанып қалған. Олар қазір бір-бірімен қыз алыспайтын туысқан болып есептеледі [9; 182].

2. Байлар-Жандар. Жабатқұлдың үшінші әйелінен туған төрт баласының үшеуінен — Бойыс, Боқас, Тайыс әулетінен таралған ұрпақтар «Байлар — Жандар» деп аталып қалған.

Бойыстан — Құланшы деген ата тараған. Оның үш баласы болған: Шеген, Меңлібай, Тоқал.

Боқастың да үш баласы болған: Байдербіс, Жандербіс, Жолдербіс. Байдербістен — Көшік, Көбек. Жандербістен — Мамыт, Шорапал, Қалжабек, Молдабек. Жолдербістен — Құлшық, Бөлік.

Жабатқұлдың үшінші әйелінен туған Тайыс деген баласынан Елбақ, Қойбақ деген аталар тарайды.

Сонымен, Жабатқұлдың үшінші әйелінен туған Бойыс, Боқас, Тайыстан тараған әулет — Құланшы, Көшік, Көбек, Мамыт, Шорапал, Қалжабек, Молдабек, Құлшық, Бөлік, Елбақ, Қойбақтың аталары «Байлар-Жандар» деген елді құрайды. Бұл аталар да қыз алыспаған туысқандар болып есептеледі. Байлар-Жандар аталуы — Жандербістің, Байдербістің есімдеріне орай қойылған болуы керек [8; 24].

Байлар-Жандар ұрпақтары ертеде Шымкент уезінің оңтүстігін мекендеген.

3. Тоқболаттар. Олар Жабатқұлдың үшінші әйелінен туған Көккөзден тарайды. Көккөзден — Тоқболат, одан — Барақ, Сака, Қарасақал, Тойтұман.

Кезінде Тоқболаттың ұрпақтары қазіргі Ташкенттің маңында көшіп-қонып жүрген. Ұрандары — Алатау, таңбасы — босаға [14].

4. Қаракөселер. Жабатқұлдың екінші әйелінен туған Қарамендінің Қаракөсе атану себебі Сырдария бойында, тоғай арасында жолбарыс пайда болып, малға, бірлі-жарым адамдарға тыныштық бермеген соң, «оны өлтіруге кім барады» дегенде, «мен барамын, мысықтан да кісі қорқа ма екен» дегенді айтып жолбарысты өлтірген екен деседі. Өзі қара торы, әрі көсе болғандықтан, Қаракөсе атаныпты.

Қаракөсенің бес баласы болған, олар: Қарулы, Мұқан, Тоғай, Жолық және Тілте [8; 25].

Қарамендінің (Қаракөсенің) бес баласы үш әйелден өрбіген. Бұларды «Қаракөселер әулеті» деп атаған.

5. Құлшығаштар. Жығалы мырзаның екінші перзенті Құлшығаштың үш баласы болған. Олар: Өтеулі, Жорытпас, Сары. Осы үш ұлдан тараған ұрпақтар ауқымды елге айналып «Құлшығаш» атанған.

Құлшығаштар Ташкент және Шымкент уездерін мекендеген. Ұрандары — Алатау, таңбасы — босаға [15].

6. Алғилар. Бір деректерде Абатқұлдың әулеті «Алғилар» атанған делінген. Басқа бір деректерде Алғилар Қарадан тарайды делінген. Әсілінде, Абатқұлдан тараған болса керек. Себебі Алғиларды аға баласы деген сөз бар.

Алғилар екіге бөлінеді: Аққой, Қарасирақ. Аққойдан екі бала болған: Мамаш, Жұмаш. Қарасирақтың бес баласы болыпты. Олар — Ахмет, Қаратеке, Мәмбетқұл, Қарағұс, Шығар. Осы айтылған аталар «Алғилар әулеті» деп аталады [8; 20].

Алғилардың ежелгі мекені — қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан, Шәуілдір, Созақ аудандары [16].

Сонымен, Көктің ұлының балалары — Оразкелді, Байлар-Жандар, Құлшығаш, Тоқболат, Қаракөсе, Алғи.

Алты ата Көктің ұлын тоқалдың балалары деп те атайды. Себебі Жезбике Мелде бидің тоқалы болған. Көтеншілер бәйбішенің балаларының санатында.

Қоңырат тайпасынан шыққан ұлы тұлғалар

Қазақ халқының қалыптасуында тарихи тұлғалардың, ірі көсемдер мен шешендердің, ақындар мен батырлардың алар орны айырықша. Бүкіл халықтың намысын жыртыққан олар бір рудың немесе бір тайпаның уысына сыймақ емес. Жалпы ұлттарымыздың мақтанышы болған соң бабалардың арқасы — бүгін мынау ұлан-байтақ жерді жайлап жатқанымыз.

Қасиеттеп айтар ірі тұлғаларымыздың бірі де бірегейі — Алпамыс батыр және де XVI–XVII ғасырлардың тоғысында өмір сүрген Алатау батыр.

1. Қазақтың халық эпосы «Алпамыс батыр» жырының бас қаһарманы Алпамыс Қоңырат тайпасынан шыққан [17].

«Алпамыс батыр» — мазмұны терең, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан «Одиссея», «Манас», «Қобыланды батыр», т.б. жырлар секілді әлемге танымал эпостық жыр [18].

Шығармада қарттардың жаратқаннан перзент тілеп әулиелерге түнеп, мінәжат етуі, болашақ батырды зарығып көруі; жас қаһарманның жедел ер жетіп, айрықша қайрат танытып өзі таңдап жүйрік ат мінуі; жау шапқыншылығына ұшыраған елінің кегін қайтарып, туған елін бақытқа кенелтуі; өзіне өмірсерік болатын сұлу жар таңдап бақытты өмір кешуі секілді ежелгі батырлық ертегілерге тән тұрақты сарындар жырда мейлінше анық, толық көрсетілген.

Әлбетте, жырдың ең қызықты тармағы — қазақ халқының бертіндегі тарихи өмірінің сипатын беретіндігі. Қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы қалмақ жаулаушыларына қарсы күресі жырда фабулалық шынайы көрініс береді. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді. Қаһармандардың туып-өскен, өмір кешкен елі — Жиделібайсын (Жиделі-Байсын), нақтылы тайпасының аты — Қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың, соның ішінде В.М.Жирмунскийдің дастанды Қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген [4; 74].

«Алпамыс батыр» жырының оқиғалық, құрылымдық және көркемдік ерекшеліктері қаламгерлерді жаңа туындылар жасауға ұмтылдырған. Мысалы, Өзбекстан мен Қарақалпақстан драматургтері осы жыр негізінде пьеса жазды. Ал қазақ композиторы Е.Рахмадиевтің «Алпамыс» операсы (либреттосын жазған К.Кенжетәев) құнды мұра қатарына қосылды.

2. Алатау батыр. Есімі қалың Қоңырат тайпасына ұран болған бұл кісінің шын аты — Жиенәлі.

Алатау батыр (Жиенәлі) — Қоңырат ішіндегі Құлшығаштан (Көктің ұлына жатады). Құлшығаштан — Жортпас, одан — Досай, Өтей, Аллаберді, Түйеші, Әжікей.

Досайдан — Есайдар, Өтемі, Жиенәлі (Алатау батыр). Жиенәліден (Алатаудан) Құлтайлар тарайды. Сонымен, Алатау батырдың Құлшығаш руының Жортпас атасынан тарайтын Құлтай ұрпақтарының бабасы екені ақиқат шындық.

Жазушылар одағының мүшесі М.Ерімбетов «Ұлы тұлғалар» деген мақаласында Алатау батырдың ерлігін былай суреттейді: «Бірде Хазар теңізі жақтағы Кіші жүз елінен «Жау тиді» деген хабар келеді. Алатау Қоңыраттың батырларын жинап, жорыққа әзірленеді. Өздері қарамағында отырған Ташкенттегі Тұрсын ханға жағдайларын, «Елімізге, жерімізге, малымызға бас-көз болыңыз. Қараулық жасаманыз» дегенді айтады. Хан уәдесін береді. Кіші жүз еліндегі соғыстан жеңіспен оралса, елі аңырап отыр. Хан Тұрсын антын бұзып, жарамды жігіттердің жоғын пайдаланып, елін шауыпты.

Алатау батыр сарбаздарын аттан түсірмей, Ташкентке тартады. Хан ордасын «Хан Тұрсынды — ант ұрсын!» — деп шабады. Хан Тұрсын қашып кетіп, оның айдай сұлу қызын олжалайды. Қызды жайдақ нарға мінгізіп алып келеді. Ол сүйекке таңба екен. Асқан сұлу қызға Қоңыраттың батырлары көз тігіп, таласып қалардай халге жетеді. Сол кезде Алатау батыр: «Кешегі Хазар теңізі маңындағы соғыста асқан ерлік көрсеткен найзагер жігіт болды. Жекпе-жекте де, қалың қол соғысында да жан шыдатпады. Осы қызды Шанышқылы атанған батырға берелік» дейді. Қалың Шанышқылы елі осылайша пайда болған деседі» [19]. Өкінішке орай, Алатау батыр туралы деректер тым аз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Көпейұлы М.Ж.* Қазақ шежіресі. — Алматы: Жалын, 1993. — 14-б.
- 2 Қазақ шежіресі: Үш тараудан құрылған жинақ. — Целиноград: «Қаламгер» шығармашылық алқасы, 1991. — 55-б.
- 3 *Әбілғазы.* Түрік шежіресі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 40-б.
- 4 Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. — 560 б.
- 5 *Бейсенбайұлы Ж.* Қазақ шежіресі — Алматы: «Ана тілі» апталығы - Атамұра, 1994. — 43-б.
- 6 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 6-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас ред., 1975. — 601-б.
- 7 *Жалмұханбетов К.* Ғасырлар белесі. — Астана: «Ақарман-медиа» ЖШС, 2010. — 278-б.
- 8 Қоңырат шежіресі және оған қатысты әңгімелер / Құраст. М.М.Ерімбетов. — Алматы: Жалын, 1993. — 136-б.
- 9 *Үсенбаев Т.* Қазақ шежіресі. — 2-т. Орта жүз — Жан Арыс. — Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2007. — 376 б.
- 10 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 2-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас ред., 1973. — 371-б.
- 11 *Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. — Ташкент: Өзбекстан, 1994. — 144 б.

- 12 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 4-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1974. — 247-б.
- 13 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 10-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас ред., 1977. — 23-б.
- 14 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас ред., 1977. — 84-б.
- 15 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 7-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас ред., 1975. — 31-б.
- 16 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 1-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас ред., 1972. — 260-б.
- 17 Қазақтың көне тарихы / Дайынд. М.Қани. — Алматы: Жалын, 1993. — 177-б.
- 18 Алпамыс батыр / Аксауыт. Батырлар жыры: Екі томдық. — 1-т. — Алматы: Жазушы, 1977. — 165–268-б.
- 19 Ерімбетов М. Ұлы тұлғалар // Қазақ батырлары. — 2001. — № 5 (34). — 12-б.

Р.С.Каренов

Проблемы, касающиеся научно обоснованной родословной племени Конырат

В статье обоснована принадлежность Коныратов к Среднему жузу в качестве одного из крупных племен. Доказано, что история племени Конырат своим своеобразием и несхожими чертами по отношению к другим племенам как бы дополняет (обогащает) историю казахского народа в целом. Отмечено, что родословная племени Коныратов имеет сложные, глубокие исторические корни. В статье сделана попытка изучить такие мало исследованные до настоящего времени вопросы, как этнические корни, составные данные о родословной, размещение племени на территории современной республики и привести результаты собственных исследований.

R.S.Karenov

Problems relating to evidence-based pedigree tribe Konyrat

The article explains the affiliation to the Middle Konyrat Gus as one of the major tribes. It is proved that the history of the tribe Konyrat their originality and similarities with respect to the other tribes like complements (enriches) the history of the Kazakh people in general. It is noted that the pedigree Konyrat tribe has complex, deep historical roots. Emphasizes that article attempts to explore such layers investigated so far issues as ethnic roots, composite data on ancestry, accommodation tribe in the territory of the modern republic, and comment on the results of their research.

References

- 1 Копеулы М.Ж. *Pedigree Kazakhs*, Almaty: Zhaly, 1993, p. 14.
- 2 *Pedigree Kazakhs (collection, consisting of three chapters)*, Tselinograd: Publ. Group «Kalamger», 1991, p. 55.
- 3 Abilgazy. *Pedigree Turks*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 40.
- 4 *South Kazakhstan region: Encyclopedia* / Ed. B.Ayagan, Almaty: «Kazakhstan entsiklopediyasy» LLP, 2005, 560 p.
- 5 Beysenbayuly J. *Pedigree Kazakhs*, Almaty: Weekly «Ana tili» - Atamura, 1994, p. 43.
- 6 Kazhstskaya Soviet encyclopedia, 6 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: the main editorial «Kazakh Soviet Encyclopedia», 1975, p. 601.
- 7 Zhalmuhanbetov K. *Through the Ages*, Astana: LLP «Akarman media», 2010, p. 278.
- 8 *Pedigree Konyrat and stories relating to her* / Compiled M.M.Erimbetov, Almaty: Zhaly, 1993, p. 136.
- 9 Usenbaev T. *Pedigree Kazakhs. 2. Average Gus — Jean Aris*, Almaty: «Polygraph» LLP, 2007, p. 376.
- 10 Kazakh Soviet Encyclopedia, 2 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition «of the Kazakh Soviet Encyclopedia», 1973, p. 371.
- 11 Sadibekov Z. *Pedigree Kazakhs*, Tashkent: Uzbekistan, 1994, p. 144.
- 12 Kazakh Soviet Encyclopedia, 4 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition «of the Kazakh Soviet Encyclopedia», 1974, p. 247.
- 13 Kazakh Soviet Encyclopedia, 10 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition «of the Kazakh Soviet Encyclopedia», 1977, p. 23.
- 14 Kazakh Soviet Encyclopedia, 11 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition «of the Kazakh Soviet Encyclopedia», 1977, p. 84.
- 15 Kazakh Soviet Encyclopedia, 7 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition «of the Kazakh Soviet Encyclopedia», 1975, p. 31.
- 16 Kazakh Soviet Encyclopedia, 1 / Ed. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition «of the Kazakh Soviet Encyclopedia», 1972, p. 260.
- 17 The ancient history of the Kazakhs / Compiled by M.Cani, Almaty: Zhaly, 1993, p. 177.
- 18 *Alpamys warrior* / Robes warriors. Tales of batyrs: Two vol. The first vol., Almaty: Zhazushy, 1977, p. 165–268.
- 19 Erimbetov M. *Kazakh knight*, 2001, 5 (34), p. 12.